

## **Өскеменнің тарихы бағзыдан басталады**

Газетіміздің 23 мамырдағы санында «Мыңжылдық тарихы бар қала» (авторы – А.Қасым) атты мақала жарияланған еді. Мақалаға, онда көтерілген мәселеге байланысты жергілікті зиялы қауым өкілдері, тарихшылар, ғалымдар мен зерттеушілер өз пікірлерін білдірін жатыр. Осы ретте семейлік археолог, Шәкәрім атындағы мемлекеттік университетінің профессоры Амантай Исиннің шағын мақаласын оқырман назарына ұсынамыз.

Ертіс бойында әсіресе қола дәуірінен бастап халық тығыз қоныстанған. Оны дәлелдейтін ірі қоныстар археолог С.Черниковтың зерттеулерінен, XX ғасыр ортасынан бері табылып жатыр.

Бүгінде керекулік археолог Виктор Мерц Ертістің оң жағалауындағы, Бесқарағай ауданының Жетіжар ауылының іргесіндегі протоқаланы зерттеп жатыр. Бұл осы өлкеде қала мәдениеті ерте кезеңде қалыптасқанын, Ертіс алқабында қола дәуірінің өзінде протоқала болғандығын көрсетеді. Ерте темір дәуірінде де осы өзеннің жағасында қуатты мемлекеттің ордалары тұрды. Одан бергі түркі заманында бекіністер салынды.

Бұл туралы араб саяхатшылары кезінде сипаттап жазып кеткен. Қимақ қағандығы өте қуатты мемлекет болған. Жер аумағы да үлкен, батыста оңтүстік Оралға, оңтүстік-шығыста Алакөл көліне дейін жеткен. Барлығы осы мемлекеттің құрамында болған. Осы далада ірі халықаралық сауда қатынастары жақсы дамыды. Бір сөзбен айтқанда, саяси орталықтар да, сауда орталықтары да Ертіс бойында болған. Сондай орталықтың бірі Қимақия, Қимақ қағандығының 16 қаласы жайында араб географтары X-XII ғасырларда жазған. Мұны қимақтанушы ғалым Болат Көмеков 1971 жылы жарияланған монографиясында талдап шыққан. Осы ортағасырлық қалалардан әл-Қимақи секілді үлкен білімпаз адамдар шыққан. Бұл Әбсаттар Дербісәлі зерттеулерінде де айтылған.

Қазіргі Өскемен, Семей, Павлодар қалаларының орны ежелден адамдарға құтты қоныс және қалалық мәдениетке жақын болған. Қоныстардың көлемін анықтау, сипаттау арнайы зерттеулерді қажет етеді. 2017 жылы Семейде 1718 жылы тұрғызылған әскери бекіністің 300 жылдығын тойлау керек деген әңгімелер айтыла бастағанда семейлік бір топ тарихшылар мен ғалымдар ортағасырлық жазба деректерге сілтеме жасады. 2016 жылы бұл тарапта «Ертіс бойындағы қала мәдениетіне – 1000 жыл» деген өзіміздің тұжырымымызды халыққа жеткіздік. Біз дәл 1000 жылды шартты түрде алдық. Өйткені шындыққа сәйкес келеді.

Семейдің, Өскеменнің, Павлодардың орнында қала мәдениетін айғақтайтын қоныстар болған. Бұл ешқандай күмән туғызбайды. Археология мұны растайды. Деректер өте көп. Қола, ерте темір дәуіріне, орта ғасырларға қатысты мағлұматтар сан алуан. «Ертіс бойындағы қала мәдениетіне – 1000

жыл» деген формулаға бәрі сыйып тұр. Ертіс бойынан әлі талай қаланың орындары табылуы ықтимал.

Тек Ертіс емес, басқа да аймақтардан анықталуы мүмкін. Ұлан-ғайыр жерімізде, соның үлкен бір бөлігі Шығыс Қазақстанда әлі талай қала мәдениетіне қатысты жаңалықтар болады. Сондықтан «Ертіс бойындағы қала мәдениетіне – 1000 жыл» деп атап өтсек тарихқа ешқандай қиянат жасамаймыз.